

«Бекітемін»

«Балаларды ерте дамыту институты»

РММ директоры

М.Адамова

2023 жыл



Наурыз мейрамын тойлауға арналған «Шымырлық пен шеберлік күні» өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар арасында Наурыз мейрамын мерекелеуге арналған «Шымырлық пен шеберлік күні» байқауының мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын айқындайды.

1.2. «Шымырлық пен шеберлік күні» ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ (бұдан әрі – Институт) 2023 жылға арналған жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** қазақ халқының мәдени мұрасымен, салт-дәстүрлерімен және ұлттық ойындарымен таныстыру және шығармашылық жұмысқа тарту арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін, қызығушылықтарын, белсенділігін қалыптастыруға ықпал ету.

1.4. Міндеттері:

- дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын бала тәрбиелеу;

- қимылды ойынға, белсенділікке, пайдалы іске баулу;

- ересектердің балаларға деген мейірімді қарым-қатынасы мен баланың дербестігін ынталандыру;

- балалардың Отанға, елге, туған өлкеге деген сүйіспеншілігін және қазақ халқының салт-дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу;

- педагогтерді ұлттық құндылықтарды балалардың тұтас дамуының қазіргі заманғы теорияларымен үйлесімді ұштастыруға ынталандыру.

2. Ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқауды ұйымдастырушылар – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, аудандық бөлімдер, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармалары.

2.2. «Шымырлық пен шеберлік күні» үш кезеңде жыл сайын өткізіледі:

I кезең – аудандық, қалалық (облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың) деңгейі;

II кезең - облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен астананың) деңгейі;

III кезең – республикалық деңгей.

2.3. Байқаудың барлық кезеңдерінде материалдарды бағалау үшін басшылардың бұйрығымен аудан, қала (облыстық, республикалық маңызы бар қала), облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана (құрамы кемінде 11 адам) деңгейінде өңірлік комиссия құрылады.

2.4. Өңірлік комиссия аудандық, қалалық бөлімнің, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасының қызметкерлері, мектепке дейінгі ұйым басшылары, білікті педагогтер, әдіскерлер, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және т. б. қатарынан құрылады.

2.5. Өңірлік комиссия ұсынылған материалдарды зерделейді және бағалайды, келесі кезеңдерге қатысу үшін жеңімпаздарды анықтайды. Байқаудың қорытындысы бойынша «Ханталапай» ұлттық ойындар байқауында **бір** жеңімпаз команда және «Әке көргенің оқ жонар, ана көрген тон пішер» қолөнер байқауында **екі** жеңімпаз анықталады, олар келесі кезеңге қатысу үшін жіберіледі.

2.6. Байқау комиссиясы мүшелері келесі құқықтарға ие болады:

- әр номинацияда орындардың қайталануына жол беру;
- лайықты үміткерлер болмаған жағдайда, жүлделі орындарды бермеу;
- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған бейнематериалдарды қарастырмау;

- ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериалдарды қарамау.

2.7. Республикалық кезеңнің байқау комиссиясының қарауына облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармалары келесі материалдарды жолдайды:

1) облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармаларының **ілеспе хаты**;

2) байқауға қатысу үшін **өтінім** (осы ереженің 1, 2-қосымшалары);

3) екінші кезең қорытындысы бойынша облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астана білім басқармаларының **байқау комиссиясының хаттамасы**;

4) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейнероликке қойылатын талаптар мен техникалық шарттарға сәйкес ұзақтығы 5 минуттан аспайтын ойынның қызықты кезеңдері мен шығармашылықтың үздік сәттерін көрсететін **бейнематериал**.

«Шымырлық пен шеберлік күні» екі блоктан тұрады:

1) «Ханталапай» балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес түрлі ұлттық ойындар (қимылды, сюжетті-рөлдік және басқа) өткізіп, ұйымдастырылады;

2) «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» балалар мен ата-аналардың арасында мата, жүн, былғары, киіз, ағаш, жіп, қағаз, сазбалшық және т.б. заттардан қолөнер туындыларын әзірлеуден байқау ұйымдастырылады. Байқауға ата-аналар да, ата-әжелер де қатыса алады.

2.8. Материалдар «Шымырлық пен шеберлік күні» атауымен i-rrd2021@mail.ru электрондық поштасына **2023 жылдың «14» наурызынан** кешіктермей жіберілуі тиіс. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

3. «Ханталапай» ұлттық ойындары мен

«Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» қолөнер

байқауы қатысушыларына қойылатын талаптар мен шарттар

3.1. Байқау мектепке дейінгі ұйымдардың 3-5(6) жас аралығындағы балалар арасында өткізіледі.

3.2. Ойын тақырыпқа сәйкес безендірілген бөлмеде, көшеде, балалар үшін қауіпсіз жерде де өткізілуі мүмкін.

3.3. Қатысушылар саны: ұлттық ойындарға 7 тәрбиеленушіге дейін, ал қолөнер байқауына ата-аналардың (заңды өкілдерінің) біреуі баламен қатысуына болады.

3.4. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» қолөнер байқау барысында қолөнер бұйымдары матадан, былғарыдан, киізден және басқа материалдан жасау керек.

3.5. Байқау ұлттық стильде безендірілген бөлмеде өткізіледі.

3.6. Бейнелер YouTube бейне платформасына жүктеледі, өтінімде сілтеме орналастырылады.

3.7. Байқау кезінде түсірілген бейнежазбаларға, оларды таратуға, сондай-ақ жариялауға (оның ішінде Интернет желісінде) барлық құқықтар байқаудың ұйымдастыру комитетіне тиесілі және олар қатысушылардың келісімінсіз білім беру, әдістемелік мақсаттарда пайдалануы мүмкін.

3.8. Өтінім байқау өткізу шеңберінде болашақ қатысушының осы Ереженің шарттарын толық қабылдайтындығының, жеке деректерді өңдеуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады.

4. Байқау жеңімпаздарын марапаттау, қорытынды шығару

4.1. Байқау жеңімпаздары «Балаларды ерте дамыту институты» РММ дипломдарымен марапатталады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді дайындаған педагогтарға алғыс хаттар беріледі.

4.2. Байқау қорытындысы мен жеңімпаздардың байқауға ұсынған материалдары Институттың www.irrd.kz сайтында және әлеуметтік желілерде жарияланатын болады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 28-09-50

_____ облысы бойынша
**Наурыз мейрамын тойлауға арналған «Шымырлық пен шеберлік күні»
 шеңберінде «Ханталапай» ойыны байқауының республикалық кезеңіне
 қатысу үшін өтінім**

Білім беру ұйымының толық атауы (МДҰ Жарғысына сәйкес)	
Ойын атауы	
Қатысушылар саны	
Жеңімпаз туралы мәлімет (баланың аты-жөні, жасы)	
Жауапты педагогтың аты-жөні	
Ойынның қызықты кезеңдері бар бейнематериалдар орналастырылған YouTube платформасындағы бейненің сілтемесі	

_____ облысы бойынша
**Наурыз мейрамын тойлауға арналған «Шымырлық пен шеберлік күні»
 шеңберінде «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер»
 қолөнер байқауының республикалық кезеңіне
 қатысу үшін өтінім**

Білім беру ұйымының толық атауы (МДҰ Жарғысына сәйкес)	
Ойын атауы	
Қатысушылар саны	
Жеңімпаз туралы мәлімет (баланың аты-жөні, жасы)	
Жауапты педагогтың аты-жөні	
Ең жақсы шығармашылық сәттері бар бейнематериалдар орналастырылған YouTube платформасындағы бейненің сілтемесі	

Ойын үзінділері бар бейнематериал (5 ұпай)

Бейнематериалдың басты бетінде: мектепке дейінгі ұйымның атауын; ойынның атауын; авторлар (баланың тегі, аты, жасы) және басшылары (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) туралы мәліметтерді көрсету қажет.

Байқаудың материалын бағалау мынадай критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

1. «Ханталапай» ойыны

- педагогтің ұйымдастыру шеберлігі, балалардың ойын шартын түсінуі;
- көрнекі құралдардың қолданылуы;
- бейнероликтің сапасы;
- ойын өткізу орнының талапқа сәйкестігі (ұлттық стильде безендірілуі).

2. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» қолөнер байқауына ұсынылған жұмыстарды бағалау критерийлері

- байқау өткізу орнының көркем безендірілуі;
- бейнематериалдың сапасы;
- қолөнердің сюжетке сәйкестігі;
- қолөнер бұйымын жасауда шығармашылық танытуы.

Бейнематериалдың техникалық сипаттамалары:

- түсірілім кәсіби, сапалы, бейнекамераны өшірмей және тоқтатпай орындалуы керек (басынан соңына дейін);
- бейнежазба MPEG-4 форматында қабылданады;
- әр файлдың көлемі 300 Мб артық болмауы қажет;
- бейнематериалдың ұзақтығы-5 (бес) минуттан аспайды.

Жобаны қорғау барысы туралы бейнеролик өтінімге сілтеме орналастыра отырып, YouTube бейне платформасына жүктеледі.